²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан;

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан.

*Email: nazgulds81@gmail.com

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ФОСФОРСОДЕРЖАЩИХ ИНГИБИТОРОВ ПРОТИВ КОРРОЗИИ СТАЛИ

Сдикова Гулия — кандидат химических наук, старший преподаватель, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан,

E-mail: sdikova.guliya@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7949-1521>;

Далабаева Назгуль — кандидат химических наук, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,

E-mail: nazgulds81@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-6824-2100>;

Сарова Нұрбану — кандидат химических наук, старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,

E-mail: sarova.n@kaznmu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-7541-2224>;

Мұхтар Танагөз — магистр, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан,

E-mail: tanamuhtar@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0006-0718-1205>;

Жалтырбаева Назым — магистр, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан,

E-mail: nazzhaltyrbayeva@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0000-3453-8544>.

Аннотация. В статье представлены результаты исследования эффективности фосфорсодержащих ингибиторов коррозии аустенитной нержавеющей стали марки 12X18H10T. Известно, что фосфатные соединения, в частности ортофосфат натрия (Na_3PO_4) и его производные, способны формировать на поверхности металла защитные плёнки, препятствующие развитию коррозионных процессов в агрессивных средах. Для синтеза фосфатного ингибитора дигидрофосфат натрия подвергали термической обработке при температурах от 40 до 590 °С в течение различного времени. Состав синтезированных продуктов определяли методом ИК-спектроскопии на приборе IRTracer-100. Полученные спектры содержали интенсивные полосы поглощения, соответствующие колебаниям связей P–O и O–P–O, характерным для фосфат-анионов. Для усиления синергетического эффекта и повышения стабильности защитной системы фосфатный ингибитор был модифицирован кристаллогидратом сульфата цинка $\text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$. Ионы цинка совместно с фосфатами способствуют образованию плотной и устойчивой защитной плёнки на поверхности металла, что приводит к замедлению коррозионных процессов. Коррозионные испытания проводились в различных средах: водопроводной, морской и пластовой воде, а также в растворах NaCl, HCl, H_2SO_4 , HNO_3 , Na_2SO_4 , Na_2CO_3 , NaHCO_3 , NaOH и смешанных солевых системах. Стальные образцы выдерживали в исследуемых средах в течение 2, 4 и 8 суток, после чего проводили сравнительный анализ полученных результатов. С помощью гравиметрического метода были рассчитаны скорость коррозии и защитный эффект для чистого фосфатного ингибитора $(\text{NaPO}_3)_x$, а также для композиции $(\text{NaPO}_3)_x$: $\text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ в соотношении 1:1. Для установления механизма взаимодействия ингибитора с поверхностью металла экспериментальные данные были обработаны с использованием адсорбционных изотерм Фрумкина.

Ключевые слова: сталь; фосфатный ингибитор; коррозия; точечная коррозия; защитный эффект; скорость коррозии; агрессивная среда

Кіріспе. Қазіргі уақытта металл конструкцияларының, әсіресе болаттың коррозиясы – мұнай өнеркәсіп саласындағы елеулі техникалық және экономикалық мәселелердің бірі. Жабдықтардың коррозиясы қызмет ету мерзімін қысқартып қана қоймай, өндірістік және энергетикалық шығындарды арттырады. Сондықтан, болатты әр түрлі ортада, соның ішінде агрессивті ортада жемірілуден тиімді

қорғау жолдарын іздеу - өзекті мәселелердің бірі болып табылады (Denisa-Ioana (Gheorghe) et al., 2025; Al-Amieri and Waleed al-azzawi, 2023).

Коррозиядан қорғаудың кең таралған әдістерінің бірі - химиялық ингибиторларды қолдану. Коррозия ингибиторлары - металл мен қоршаған орта (ауа, ылғал, жауын-шашынның әсері және т.б.) арасындағы реакцияны бәсеңдететін немесе толық тоқтататын заттар. Соңғы жылдары бейорганикалық ингибиторларға, әсіресе фосфор қосылыстардың негізінде алынған ингибиторларға, ерекше назар аударылуда. Фосфатты ингибиторлар болат бетінде тұрақты, тығыз пассивациялық қабықша түзеді және сыртқы химиялық әсерлерден қорғайды (Ahmed et al., 2022). Сонымен қатар, өндірістің тұрақты дамуы мен экологиялық қауіпсіздік талаптарына сай коррозия ингибиторларының қоршаған ортаға уытты болмауын талап етеді. Осыған орай, фосфатты ингибиторлар экологиялық жағынан бейтарап және тиімді тежегіш ретінде танымал, себебі суда жақсы еритін, зиянсыз және табиғи ортада оңай ыдырайтын қосылыстар (Raimbekova et al., 2023). Зерттеудің негізгі мақсаты - фосфор негізіндегі бейорганикалық ингибиторлардың болаттың коррозиясын тежеу қабілетін гравиметриялық әдіс арқылы қорғау эффекті мен жемірілу жылдамдығын анықтау. Бұл зерттеулер мұнай саласындағы жабдықтар мен конструкцияларын қорғаудың экологиялық және экономикалық жағынан тиімді әдістерін жасауға жол ашады (Revon and Priyantha, 2025; Nouhaila et al., 2025).


Коррозия ингибиторлар «жасыл химия» талаптарына сай орындалуы тиіс: табиғи жағдайда оңай және тез ыдырауы, тірі ағзаларда жинақталмауы және судағы уыттылығының жоқтығы немесе өте төмен болуы (Revon and Priyantha, 2025). Химиялық заттың табиғатта ыдырауы оның тұрақтылығын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады (Elouhabi et al., 2025). Биодеградация бұл заттың микроорганизмдердің әсерінен көмірқышқыл газы мен суға айналу үдерісі. Заттың ыдырау қабілетіне оның құрылымы мен микроорганизмдердің белсенділігі әсер етеді. Биоаккумуляция - бұл химиялық заттардың тірі ағзаларға зиянды әсерінің бір бөлігі. Ол заттың судан, ауадан, тамақтан немесе топырақтан тірі ағзада жиналу қабілетін білдіреді (Nomozov et al., 2024).

Материалдар және негізгі әдістер. Зерттеу жұмысына 12X18H10T маркалы аустенитті тот баспайтын болаттан дайындалған таспа тәрізді үлгілер қолданылды. Аталған болаттың химиялық құрамына – 0,12%-ға дейін көміртек, шамамен 18% хром, 10% никель және 0,8% дейін титан бар, бұл оның коррозияға төзімділігін және құрылымдық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. МемСТ 9.905-82 стандартына сәйкес жемірілу төзімділігінің бағалауы жүргізілді. Стандартқа сай сынаққа дейін болат таспалардың беті механикалық өңдеуден, яғни абразивті материалдар көмегімен тегістеліп, беттік ақаулар және оксидті қабықшалардан жойылып дайындалды. 60–80 °С температурада үлгілер сілтінің сулы ерітіндісінде майсыздандырылды және органикалық қоспалардан тазартылды (Safdar et al., 2024). Реакциялық қабілетін арттыру үшін болат таспалардың беті сынақ алдында белсендірілді, бұл ингибитордың қорғаныш әсерін объективті бағалау үшін мүмкіндік берді. Белсендірілгеннен кейін үлгілер 0,0001 г дәлдікпен

аналитикалық таразыда өлшеніп, штангенциркуль арқылы геометриялық параметрлері анықталып, олардың бет ауданы анықталып, коррозия жылдамдығы және ингибитордың қорғау эффектісі есептелді (Hui, 2025).

Нәтижелер. Натрий дигидрофосфатынан әр түрлі уақыт және температура интервалында (45 мин-40-44°C, 45 мин 90-114°C, 90 мин - 160°C, 180 мин - 240°C, 300 мин - 580-590°C) қыздырып фосфорлы ингибитор алынды (Mahmoud et al., 2024; Soumen et al., 2025).

Натрий дигидрофосфатының физика-химиялық өзгерістерін мақсатты түрде қамтамасыз ету үшін термиялық өңдеу процесі бірнеше сатылардан тұрды және әрбір температуралық саты таңдалды. Натрий дигидрофосфатының құрамындағы бос ылғалды жою және бастапқы құрылымын тұрақтандыру үшін 40-44 °C температурада қыздыру мүмкіндік берді. Дегидратация процесінің жүруі және кристаллогидраттардың ыдырауы 90-114 °C кезінде артты. Фосфат топтарының конденсациясы және төмен молекулалы конденсацияланған фосфаттардың түзілуі 160 °C-та 90 минут бойы жүргізілген қыздыру барысында байқалды. Полифосфатты құрылымдардың қалыптасуы 240 °C термиялық өңдеуді 180 минутқа дейін ұзарту қамтамасыз етті. Соңғы кезеңде 580-590 °C температурада 300 минут бойы термиялық қыздыру кезінде тұрақты, жоғары тежегіш қасиеттерге ие фосфорқұрамдас ингибитор алынды. 1-суретте синтезделген ингибитордың құрамы IRTracer-100 арқылы түсірілген (Shimadzu Corporation) инфрақызыл спектрлері көрсетілген.



Сурет 1. Фосфор ингибиторының ИҚ спектрлері.

1 суретте синтезделген фосфор ингибиторының ИҚ спектрінен 1200-900 cm^{-1} және 650-500 cm^{-1} аймақтарында фосфат-анионға тән O–P–O және P–O байланыстарының тербелістеріне сәйкес жолақтарының болуы фосфатты қабаттың түзілуін көрсетті. (H_2O) мен (-OH) топтардың бар екенін 3700-3000 cm^{-1} аймағындағы кең жолақтар мен 1640 cm^{-1} маңындағы сигнал адсорбцияланған дәлелдейді. Атмосфералық және фондық сигнал ретінде CO_2 қарастырылған және $\approx 2350 \text{ cm}^{-1}$ аймағындағы интенсивті жолақ жұтылуына жататыны анық. C–H алкил және C=O карбонил топтарына тән жолақтардың әлсіз болуы қорғаныш қабықшаның бейорганикалық табиғатын көрсетеді (Qahtan et al., 2025).

Зерттеу барысында болат таспалардың әртүрлі орталарда (қабат суы, құбыр

суы, теңіз суы, NaCl , HCl , H_2SO_4 , HNO_3 , Na_2SO_4 , Na_2CO_3 , NaHCO_3 , CaSO_4 + NaHCO_3 , NaOH , Na_2CO_3 + Na_2SO_4 , NaHCO_3 + CaCl_2 , MgSO_4 ерітінділері) жемірілуге ұшырау ерекшеліктері зерттеліп, гравиметриялық әдіспен массалық өзгерістер анықталды. Болат таспалары 2, 4 және 8 тәулік аралығында зерттеліп, тәжірибе нәтижелері салыстырмалы түрде талданды.

Ингибиторлардың тұрмыстық су жүйелеріндегі тиімділігін бағалау үшін нақты пайдалану жағдайын модельдеп, құбыр және теңіз сулары; хлорид иондарына бай агрессивті ортада қорғаныш қабілетін зерттеу үшін қабат суының орталары зерттелді. NaCl 3% ерітіндісі күрделі иондық құрамда ингибиторлардың өндірістік тиімділігін анықтау үшін алынды, H_2SO_4 қышқыл ортада болаттың белсенді еруі мен ингибитор әсерін бағалау үшін қарастырылды; HCl ерітінділері аса агрессивті қышқыл ортада қорғаныш қабықша түзілуін зерттеу үшін зерттелді. Na_2SO_4 0,1 М ерітіндісі сульфатты ортада пассивация және жемірілу механизмдерін талдау үшін тандалды, Na_2CO_3 0,1 М ерітіндісі сілтілік ортада фосфор қосылыстарының тұрақтылығы мен пассивациясын бағалау үшін алынды, NaHCO_3 0,1 М ерітіндісі буферлік ортада ингибиторлардың pH-тұрақтылығын зерттеуге алынды. CaSO_4 + NaHCO_3 қасп түзілуімен қатар жүретін жемірілу үдерісінде ингибитор әсерін бағалау үшін, NaOH ерітіндісі жоғары сілтілік жағдайда фосфатты ингибиторлардың химиялық тұрақтылығын бағалау үшін, Na_2CO_3 + Na_2SO_4 көпкомпонентті электролиттік ортада ингибиторлардың тиімділігін зерттеуге, NaHCO_3 + CaCl_2 кермекті суда адсорбциялық қабат түзілуін бағалауға, MgSO_4 0,1 М ерітіндісі екі валентті катиондар қатысында қорғаныш қасиеттерін зерттеу үшін алынды (Ayesha et al., 2025).


Зерттеу барысында болат таспалардың әртүрлі агрессивті орталарда жемірілуге ұшырау ерекшеліктері қарастырылып, гравиметриялық әдіспен оның салдарынан болатын массалық өзгерістер анықталды.

Синергетикалық әсерді күшейту және жүйені тұрақтандыру мақсатында фосфор құрамдас ингибиторға $\text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ енгізілді, себебі мырыш иондары фосфорлы ингибиторлармен бірге металл бетінде тығыз әрі тұрақты қорғау қабат түзіп, жемірілудің баяу жүруіне ықпал етеді. Сондай-ақ, анодтық ингибитор ретінде әсер етіп, мырыш иондары металл бетінің анодтық учаскелерін пассивтенуіне, соның нәтижесінде металдың еруі азаюына, ингибитордың тиімділігінің артуына, мырыш сульфаты ингибитор жүйесінің химиялық тұрақтылығын жақсартуына, фосфорлы қосылыстардың ыдырауын баяулатуына ықпал етеді. Қоспа ретінде кристаллогидрат түріндегі тұз алудың себебі оның жақсы еруін қамтамасыз етуі, ылғалдылықты реттеуге көмектесуі.

2 суретте $(\text{NaPO}_3)_x$ + $\text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ 1:1 ингибиторы қатысында болаттың 14 түрлі орталардағы жемірілу жылдамдығы салыстырылды (4 тәулік). Қабаттағы суда жемірілу жылдамдығы ең төмендегі 2,53 г/м²·тәулік мәнін құрайды, яғни бұл орта салыстырмалы түрде агрессивті емес екені көрсетті. Жемірілу жылдамдығы 2,67 г/м²·тәулік H_2SO_4 (0,1 М) ортасында байқалды, бұл қышқылды ортаның металлға айтарлықтай агрессивті әсерін білдіреді. Жемірілу жылдамдығы 4,44 г/м²·тәулікке 0,1 М HCl ерітіндісінде дейін өсіп, хлорид-иондардың әсерінен коррозияның

күшейетегінін көрсетті. Құбыр суы мен 0,1 М MgSO_4 ерітінділерінде жемірілу жылдамдығы 6,22-6,32 г/м²·тәулікке дейін жоғарылайды. 0,05 М NaHCO_3 + 0,05 М CaCl_2 ерітінділерінде жемірілу жылдамдығы 8,42 г/м²·тәулік көрсетті, яғни аралас тұзды-карбонатты ортада коррозия жоғары деңгейде сақталатына ықпал етеді. Жемірілу жылдамдығы 7,56 г/м²·тәулік 0,1 М Na_2SO_4 ерітіндісінде байқалды, бұл сульфат-иондардың әсерін көрсетеді. Жемірілу жылдамдықтарының күрт өсуі теңіз суында (8,0 г/м²·тәулік) және CaSO_4 + NaHCO_3 (0,05 М + 0,05 М) (11,56 г/м²·тәулік) орталарына сәйкес келеді, себебі жоғары минералдану мен хлоридтердің әсерінен жемірілу күшейеді.

0,1 М NaHCO_3 ретінде жемірілу жылдамдығы 6,22 г/м²·тәулікке дейін төмендеді, бұл бикарбонаттардың белгілі бір дәрежеде қорғаныш әсері бар екенін көрсетті. 0,05 М Na_2CO_3 + 0,05 М Na_2SO_4 ортасында жемірілу жылдамдығы қайта өсіп, 8,89 г/м²·тәулікке дейін жетті. Жемірілу жылдамдығының ең жоғары мәндері 0,1 М NaOH (12,0 г/м²·тәулік) және 0,1 М Na_2CO_3 (12,93 г/м²·тәулік) орталарында байқалды. Яғни, әр түрлі орталарда металдың жемірілуі жылдам жүретіні байқалады, себебі мұндай ортада электрөткізгіштік жоғары болып, электрохимиялық реакциялар қарқынды өтіп, хлорид иондары қорғаныш қабаттарын бұзады. Табиғи сулар мен бикарбонатты жүйелерде, керісінше, металл бетінде қорғаныш қабат түзіліп, жемірілу процесі баяу жүретіні анықталды.



Сурет 2. 4 тәулік ішіндегі $\text{NaPO}_3)_x$ + $\text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ 1:1 ингибиторы қатысында болаттың әртүрлі орталардағы жемірілу жылдамдығының мәндері.

Зерттеу барысында 12X18H10T маркалы болат таспаларының жемірілу жылдамдығы келесі факторларға тәуелді: зерттеу ортасының иондық құрамы, рН мәні және электролиттің минералдану деңгейі. 1:1 қатынастағы $(\text{NaPO}_3)_x$ + $\text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ фосфор ингибитор жүйесінің қатысында барлық орталарда жемірілу жылдамдығының төмендеуі байқалды және фосфорлы ингибитор мен мырыш иондары арасындағы айқын синергетикалық әсеріне тәуелді екені дәлелдеді. Алынған эксперименттік нәтижелерге сәйкес, жемірілу жылдамдығы

ортаның химиялық құрамына және иондық табиғатына тікелей байланысты. Болат таспаларының еруі анодтық реакциялардың жоғары қарқындылығы H_2SO_4 және HCl қышқылды орталарда байқалады. Бірақ фосфоркұрамдас ингибитор жүйесінің қатысында 4 және 8 тәулік ішінде жемірілу жылдамдығының едәуір төмендеуі металл бетінде тұрақты қорғаныш қабықшаның түзілетінін көрсетеді. Қорғаныш қабықша фосфат-иондардың болат бетімен химиялық байланысуы және мырыш иондарының гидроксо-фосфатты кешендер түзуі нәтижесінде қалыптасады. HCl , NaCl 3%, теңіз суы орталарында, яғни хлорид-иондары бар орталарда, жемірілу жылдамдығының жоғары болуы Cl^- иондарының пассив қабықшаның бұзылуына, локальды жемірілуді арттуымен байланысты, дегенмен ZnSO_4 қосу бұл әсерді белгілі бір дәрежеде тежейтіні анық.

NaCl 3%, теңіз суы, яғни хлоридті және жоғары минералданған орталарда жемірілу жылдамдығының айтарлықтай өсуі байқалды, себебі Cl^- иондарының метал бетінде локальды жемірілуді күшеюіне әкелетіні дәлелдейді. Сульфатты орталарда (MgSO_4 , Na_2SO_4) жемірілу орташа деңгейде, ал карбонат және бикарбонат жүйелерінде жемірілу жылдамдығы ортаның құрамына байланысты өзгеріп, кей жағдайларда қорғаныш қабықша түзілуіне қарамастан жоғары мәндерге жететіні байқалды.

Ең жоғары жемірілу жылдамдығы Na_2CO_3 , NaOH карбонатты және сілтілі орталарда байқалды, себебі мұндай орталарда пассив қабықшаның тұрақсыздығымен және иондық әсердің күшеюімен түсіндіріледі, яғни металдың жемірілуі ортаның агрессивтілігіне тіәуелді, сондықтан өндірістік және табиғи жүйелерде жемірілуден қорғау үшін ингибиторларды қолдану және ортаның құрамын ескеру өзекті мәселердің бірі болып табылады.

Зерттелген 14 орталарда (H_2SO_4 , HCl , MgSO_4 , NaCl , Na_2SO_4 , табиғи және теңіз сулары, карбонат-бикарбонат жүйелері, NaOH ерітінділері) фосфорлы ингибитордың эффективтілігі мен тиімділігі мырыш сульфаты кристаллогидратын қосу арқылы айтарлықтай артуына ықпал етті. Мырыш иондары фосфат ингибиторымен бірге, металл бетінде тығыз әрі тұрақты қорғаныш қабықша түзіліп, металдың еруін және жемірілу жылдамдығын баяулатады.

Қышқылды орталарда 1:1 қатынастағы $(\text{NaPO}_3)_x + \text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ фосфоркұрамдас ингибитордың анодтық әсерін арттырады, агрессивті ортаның метал бетіне тікелей әсерін азайтады. Қабаттағы су, құбыр және теңіз суларында мырыш иондары хлорид және сульфат иондарының жемірушілік белсенділігі азаяды, қорғаныш қабаттың тұрақтылығына қамтамасыз етеді. Карбонат-бикарбонат және сілтілі жүйелерінде мырыш қосылыстары реттелген пассив қабықша түзулуіне ықпал етіп, жергілікті жемірілуді болдырмайды. MgSO_4 , Na_2SO_4 Сульфатты орталарда металдың жемірілуі орташа деңгейде сақталады, себебі бұл жағдайда SO_4^{2-} иондарының агрессивтілігі Cl^- иондарға қарағанда төмен болғанымен, ерітіндінің иондық күшінің жоғары болуының әсерінен электродтық реакцияларды жеделдетеді. Na_2CO_3 , NaHCO_3 , аралас жүйелерінде жемірілу жылдамдығының жоғары мәндері пассив қабықшаның тұрақсыздығымен және CO_3^{2-} тұздарының қайта кристалдануымен байланысты. NaOH сілтілі ортада

жемірілу жылдамдығының салыстырмалы түрде жоғары болуы болат таспаның бетінде түзілетін OH^- қабатының борпылдақ және механикалық тұрақсыз болуымен сипатталу мүмкін. Мырыш иондары бұл ортада да пассивтендіруші әсер етіп, металл таспаның бетін анодтық аймақтарын тежейтіні көрсетті.

Зерттеу барысында 14 ортаның ішінен қорғау эффектісі жоғары 7 түрлі ортадағы үлгілер алынды. 8 тәулік ішіндегі зерттеу нәтижелері жемірілу жылдамдығының ($\text{г/м}^2 \cdot \text{тәулік}$) өзгеруі 1 кестеде келтірілді.

Кесте 1. $(\text{NaPO}_3)_x + \text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ 1:1 ингибиторы қатысында болаттың әртүрлі орталардағы жемірілу жылдамдығы мен қорғау эффектісі мәндері (8 тәулік).


Үлгі №	Орта, С (М)	Жемірілу жылдамдығы, $\text{г/м}^2 \cdot \text{тәулік}$	Z, қорғау эффектісі, %
1	3% Теңіз суы	2,22	94,89
2	0,1 М NaHCO_3	3,78	89,17
3	0,5 М NaCl	3,16	87,83
6	0,1 М Na_2CO_3	2,44	81,00
4	0,1 М Na_2SO_4	4,21	79,52
5	0,05 М NaHCO_3 + 0,05 М CaCl_2	3,47	79,32
7	0,1 М H_2SO_4	5,00	75,00

Ең жоғары жемірілу жылдамдығы 0,1М H_2SO_4 ортада ($5,00 \text{ г/м}^2 \cdot \text{тәулік}$) байқалды, яғни бұл орта ең агрессивті болып табылады. Ең төмен жемірілу жылдамдығы теңіз суы ортасында анықталды, Na_2CO_3 0,1 М жемірілу жылдамдығы $2,44 \text{ г/м}^2 \cdot \text{тәулік}$ тең. Бұл осы ортаның салыстырмалы түрде аз агрессивті екенін көрсетеді. $\text{NaHCO}_3 + \text{CaCl}_2$ 0,05М+0,05М; Na_2SO_4 0,1М; орталарда көрсеткіш біршама тұрақтанып, $2,22$ - $4,21 \text{ г/м}^2 \cdot \text{тәулік}$ аралығында өзгереді. 0,1 М NaHCO_3 ортада жемірілу жылдамдығы $3,78 \text{ г/м}^2 \cdot \text{тәулікке}$ жетті, яғни, жемірілу жылдамдығы зерттеу ортасының құрамына айтарлықтай тәуелді: қышқылды, тұзды және минералданған орталарда жемірілу күшейеді, ал салыстырмалы бейтарап орталарда төмен мәндер байқалады.

2 тәулік ішінде болат таспалардың бетінде жемірілу айтарлықтай байқалмады, 4 тәуліктен кейін жемірілу өте баяу жүретіні анықталды, 8 тәулік өткен соң массаның елеулі азаюы байқалды, яғни жемірілу әсердің қарқындылығын көрсетілді (Nouhaila et al., 2023; Durdubaeva et al., 2022). Алғашқы 2 және 4 тәулікте болат таспаларының массасының өзгерісі өте аз (құбыр суы, теңіз суы, NaCl , HCl 0,1 М; HNO_3 0,1 М; 0,05М), кейбір жағдайларда, мысалы қабат суында массаның аздап артуы байқалды - бұл ылғал сіңуімен немесе өлшеу қатесімен түсіндірілуі мүмкін. 8 тәулік ішінде барлық болат үлгілерде массаның нақты төмендеуі байқалды, бұл кезеңде жемірілу ісері белсенді жүруіне ықпал етті. Металлдар үшін ең қауіпті, немесе агрессивті орта ретінде күшті қышқыл ерітінділері болып келеді, бұл орталарда металлдың массасы азайғаны, яғни металл жемірілуі болғаны көрсетті. 3% NaCl және құбыр суы ерітінділерінде болат таспалардың беті салыстырмалы түрде қорғаулы, масса көбінесе тұрақты немесе аздап артқаны байқалғаны анық. Жемірілу қарқынының уақытқа байланысты артуы - болатты ингибиторлар

көмегімен ұзақ мерзімді қорғау қажеттілігін дәлелдейді (Kaiynbayeva et al., 2022; Niyazbekova et al., 2024).

Фрумкин адсорбциялық изотермалары ингибитордың болат таспаның бетіне адсорбциялану сипатын анықтау үшін мүмкіндік береді. Фрумкин изотермалары $(\text{NaPO}_3)_x$ ингибиторы (қызыл жолақпен) және $(\text{NaPO}_3)_x + \text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ 1:1 ингибиторы (көк жолақпен) үшін 3 суретте көрсетілген.



Сурет 3. $(\text{NaPO}_3)_x$ және $(\text{NaPO}_3)_x + \text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ 1:1 ингибиторлары үшін Фрумкин изотермалары.

Фрумкин моделі 2 түрлі ингибитор (таза $(\text{NaPO}_3)_x$ және $(\text{NaPO}_3)_x + \text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ қоспасымен 1:1 арақатынаста) молекулалары арасындағы тартылыс күштерінің арқасында адсорбция процесінің күрделі екенін көрсетеді. Молекулалар арасындағы өзара әсер коэффициентінің мәні оң болғандықтан, ингибитор молекулалары металл бетінде бір-біріне жақындап, тығыз қорғаныш қабат түзетінін және бұл жемірілуді баяулататының көрсетті. Бұл нәтиже ингибитор жүйесінің көпкомпонентті орталарда, яғни теңіз суы, NaCl , Na_2CO_3 , NaHCO_3 орталарында жоғары тиімділігін түсіндіреді. $(\text{NaPO}_3)_x$ ингибиторымен салыстырғанда $(\text{NaPO}_3)_x + \text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ 1:1 ингибиторының қорғаныс эффектісінің мәндері жоғары екені анықталды.

$(\text{NaPO}_3)_x + \text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ арасындағы синергетикалық эффекті бірнеше механизм арқылы жүзеге асу мүмкін, атап айтқанда адсорбциялық механизм бойынша фосфат-иондар болат бетіне хемосорбциялану кезінде активті орталықтар жабылып, анодтық пассивация кезінде мырыш иондары металл бетінің анодтық аймақтарын пассивтендіреді; темір-мырыш фосфаттары негізіндегі тығыз, аз еритін қорғаныш қабат түзілуі арқылы иондық агрессияны тежеу барысында хлорид және сульфат иондарының диффузиясының шектеуіне әкеледі. Осының нәтижесінде металдың еру жылдамдығы төмендеп, ингибитордың қорғау эффектісінің өсуіне ықпал етеді.

Осылайша, мырыш сульфатының кристаллогидраты фосфорқұрамдас

ингибитордың синергетикалық компоненті ретінде әр түрлі орталарда жемірілуге қарсы қорғау эффектісінің сенімділігі мен ұзақ мерзімділігін арттырады.

Алынған зерттеу нәтижелері фосфорқұрамдас ингибиторларды келешекте зерттеудің маңыздылығын және оларды қолдану металлбұйымдар мен жабдықтарды агрессивті ортада ұзақ мерзімді әрі тиімді қорғауға мүмкіндік беретінін айқындайды (Avdeev, 2025; Zhu et al., 2025). Әдістердің сан түрлілігі және оларды ғылыми негізде жүйелендіру биологиялық ыдырау, улылық және биоаккумуляция тәрізді экологиялық көрсеткіштерге негізделген зерттеулерді өндірістік тәжірибеге енгізуге бағыттайды. Бұған қоса техногендік әсерді азайтып, өндірістің экологиялық қауіпсіздігін арттыруға және экономикалық тиімділігіне мүмкіндік береді.

Осыған орай, «жасыл химия» қағидаттарын қолдану арқылы жаңартылған ингибиторларды әзірлеу экологиялық тұрғыдан қауіпсіз технологияларды қолдануда негізгі рөл атқарады. Бұл жағдайда тек ингибиторлардың тиімділігін арттыру ғана қоймай, олардың синтез жолдарын оңтайландыру, қалдықсыз технология қолдану, шикізатты тиімді пайдалану сияқты міндеттер де өзекті мәселелердің қатарына жатқызады (Farshad et al., 2023).

Қорытынды. $(\text{NaPO}_3)_x$ және $(\text{NaPO}_3)_x + \text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ ингибиторлар жүйелерінде жүргізілген адсорбциялық және кинетикалық талдаулар болатты әртүрлі агрессивті орталарда қорғауы адсорбция-пассивация механизмдері арқылы жүзеге асатынын дәлелдейді. Мырыш иондары фосфорлы қосылыстармен бірге болат таспалардың бетінде тығыз, химиялық тұрақты қабықша түзеді және иондардың диффузиясын шектеп, металдың еруін баяулатады. Бұл жүйе ұзақ мерзімді металл коррозиясындағы қорғанышты қамтамасыз етіп, өндірістік жағдайда қолдануға перспективалы екенін көрсетті.

Сонымен қатар, алынған нәтижелер 1:1 ара қатынастағы $(\text{NaPO}_3)_x + \text{ZnSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ ингибитор жүйесінің болат таспалары қышқылды, тұзды, бейтарап және сілтілі орталарда тиімді қорғауын қамтамасыз ететіні анықталды. Жемірілу жылдамдығы уақыт өткен сайын төмендеуі және қорғау эффектісінің артуы түзілген қорғаныш қабықшаның біртіндеп нығайып, тұрақты күйге өтетінін көрсетті. Адсорбциялық изотермалар арқылы фосфор ингибитордың болат таспаның бетімен берік байланыс түзіп, синергетикалық әсерінен адсорбция-пассивация механизмдері екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, экологиялық қауіпсіз, және экономикалық жағынан тиімді жемірілу ингибиторларын әзірлеу – заманауи ғылыми-техникалық прогрестің маңызды мәселелердің бірі. Яғни бұл зерттеу жұмысы «жасыл химия» қағидаларына дамыту бағытына негізделген. Фосфат құрамды ингибиторды жемірілуге қарсы пайдалану - қалдықсыз технология, экономикалық тиімділігі және қауіпсіз жергілікті шикізат қолдану арқылы жүзеге асыру мүмкін. Бұл бағытта жүргізілетін кешенді зерттеулер металл конструкциялар мен жабдықтардың қызмет ету мерзімін ұзартып, өндірістің экологиялық жауапкершілігін арттырады. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге айтарлықтай үлес қосады, себебі қоршаған ортаға зиянды қалдықсыз, табиғи ресурстарды ұтымды қолдану жолдарына негізделген.

References

- Ahmed A.A., Emad Y., Wan nor Roslam Wan I., Waleed K.A. (2022) A Review of Inorganic Corrosion Inhibitors: Types, Mechanisms, and Applications. *Tribology in Industry*. – No. 45(2). – P. 313. <https://doi.org/10.24874/ti.1456.03.23.06> (in Eng.).
- Al-Amiery, Waleed al-azzawi. A. (2023) Review of Inorganic Corrosion Inhibitors: Types, Mechanisms, and Applications. *Tribology in Industry*. – No. 45(1). – P. 313. <https://doi.org/10.24874/ti.1456.03.23.06> (in Eng.).
- Avdeev Y.G. (2025) Inhibitory protection of low carbon steel in a flow of phosphoric acid solution containing iron (III) phosphate. *Russian Journal of Electrochemistry*. – No. 61(1). – P. 105. <https://doi.org/10.7868/S3034618525010067> (in Eng.).
- Ayesha B.S., Sultan Nasar A., Umapathy M. J. (2025) Enhanced corrosion resistance of zinc phosphate coatings on mild steel through incorporation of nanocrystalline CeO_2 and CeO_2 -CuO nanocomposite. *RSC Adv*. – No. 15. – P. 20916-20934. <https://doi.org/10.1039/D5RA02800K> (in Eng.).
- Denisa-Ioana (Gheorghe) R, Ecaterina M and Sorin-M. A (2025) Recent Development of Corrosion Inhibitors: Types, Mechanisms, Electrochemical Behavior, Efficiency, and Environmental Impact. *Technologies*, – No. 13 (3). – P. 103. <https://doi.org/10.3390/technologies13030103> (in Eng.).
- Durdubaeva R., Beknazarov H., Asamatdinov A., Yusupova N. Study of steel corrosion inhibition with the use of secondary waste. (2022) *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Chemistry. Geography. Ecology Series*. – No. 1(138). <https://doi.org/10.32523/2616-6771-2022-138-1-31-36> (in Eng.).
- Elouhabi N., Timoudan N., Bensalah J., Ait Hmid L., Bouabbadi A., Halioui C., Safi Z., Benzaouak A., Zarrouk A., Harchrass M. (2025) Evaluation of the corrosion inhibition performance of the phosphate derivative $\text{K}_2\text{SrP}_2\text{O}_7$ on carbon steel in 1 M hydrochloric acid solution. *Inorganic Chemistry Communications*. – No. 180. – P. 114961. <https://doi.org/10.1016/j.inoche.2025.114961> (in Eng.).
- Farshad B., Taghi Sh., Bahram R., Seyed A.H. (2023) Sustainable development of an effective anti-corrosion film over the St12-steel surface against seawater attacks using Ce(III) ions/tri-sodium phosphate anions. *Scientific Reports*. – No. 13. – P. 12169. <https://doi.org/10.1038/s41598-023-38540-9> (in Eng.).
- Hui L. (2025) Study on disodium hydrogen phosphate and 2, 4-dimethylpyridine as corrosion inhibitor for Q235 steel in 3.5 wt% NaCl solution. *Transactions of Materials Research*. – P. 100127. <https://doi.org/10.1016/j.tramat.2025.100127> (in Eng.).
- Kaiynbayeva R.A., Sultanbayeva G.Sh., Kozhabekova N.N., Shakirova A.K., Chernyakova R.M., Dzhusipbekov U.Zh. (2022) Study of the inhibitory properties of sodium tripolyphosphate in the “oimash salt- H_2O -NaTPP” system. *Chemical Journal of Kazakhstan*. – No. 4. – P. 1185.95. <https://doi.org/10.51580/2022-3/2710-1185.95> (in Eng.).
- Mahmoud A. Ahmed, Sherif A and Ashraf A.M. (2024) Current and emerging trends of inorganic, organic and eco-friendly corrosion inhibitors (Review Article). *RSC Adv*. – No. 14. – P. 31877-31920. <https://doi.org/10.1039/D4RA05662K> (in Eng.).
- Niyazbekova A.B., Shakirov T.A., Baytlesova L.I., Zhunusbekova N.M., Niyazbaeva A.I., Gubaidullina G.M. (2024) Effect of phosphate nature on the inhibitory capability of phosphate compositions. *International Journal of Biology and Chemistry*. – No. 17(1). <https://doi.org/10.26577/IJBCh2024v17i1-a16> (in Eng.).
- Nomozov A., Beknazarov K., Khodjamkulov S., Misirov Z., & Yuldashova S. (2024) Synthesis of Corrosion Inhibitors Based on (Thio)Urea, Orthophosphoric Acid and Formaldehyde and Their Inhibition Efficiency. *Baghdad Science Journal*. – P. 10590. <https://doi.org/10.21123/bsj.2024.10590> (in Eng.).
- Nouhaila F., Moussa O., Mariam B., Mohammed Ch., Mounia B.Z. (2025) Co-apatite phosphate compound: High-Performance corrosion inhibition in highly aggressive HCl solution (1.0 M and 5.0 M) and biological assessment. *Hybrid Advances*. – P. 100593. <https://doi.org/10.1016/j.hybadv.2025.100593> (in Eng.).
- Qahtan A. Yousif, Mahmoud A. Bedair, Ahmed M. Abuelela, Azaj Ansari, Sumit Sahil Malhotra and Zainb Fadel. (2025) High-performance corrosion inhibitors for carbon steel in hydrochloric acid: electrochemical and DFT studies. *RSC Adv*. – No. 15. – P. 28666-28688. 2011. <https://doi.org/10.1039/2046-2069/2011> (in Eng.).
- Raimbekova A.S., Kapralova V.I., Dalbanbai A., Kubekova Sh.N., Popova A.K. (2023) Effect of

various phosphate inhibitors on corrosion of low carbon steel in 3% sodium chloride solution. Engineering Journal of Satbayev University. – No. 145(4). <https://doi.org/10.51301/ejsu.2023.i4.04> (in Eng.).

Revon N., Priyantha N. (2025) Interference of solution constituents on corrosion inhibition of phosphate species on Grade 202 stainless steel. Discover Chemistry. – No. 2(1). <https://doi.org/10.1007/s44371-025-00157-4> (in Eng.).

Safdar H., Ambar I., Sujhla H., Purnawan P.P., Muhammad A. (2024) Identifying alkaline phosphatase inhibitory potential of cyclooxygenase-2 inhibitors: Insights from molecular docking, MD simulations, molecular expression analysis in MCF-7 breast cancer cell line and in vitro investigations. International Journal of Biological Macromolecules. – No. 277. – P. 132721. <https://doi.org/10.1016/j.ijbiomac.2024.132721> (in Eng.).

Soumen M., Jitendra K.S., Dong-E.L., Taejoon P. (2020) Effect of Phosphate-Based Inhibitor on Corrosion Kinetics and Mechanism for Formation of Passive Film onto the Steel Rebar in Chloride-Containing Pore Solution. Materials (Basel). – No. 13(16). – P. 3642. <https://doi.org/10.3390/ma13163642> (in Eng.).

Zhu P., Tian-Yang Zh., Jian Ai., Ren-Jie P., Dai-Xu Zh., Bin Xu. (2025) Effects of a composite phosphate corrosion inhibitor on corrosion behavior and water quality stability in drinking water distribution systems. Water Cycle. 05.004. <https://doi.org/10.1016/j.watcyc.2025.05.004> (in Eng.).

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the
«Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

**www.nauka-nanrk.kz
ISSN 2518-1483 (Online), ISSN 2224-5227 (Print)
<http://reports-science.kz/index.php/en/archive>**

Managing Editor: T. Apendiev
Editors: D.S. Alenov, A. Shormakova
Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 22, 2026
Format: 70×90 1/16. 24.5 printed sheets. Order No. 2.

*«Central Asian Academic Research Center» LLP
Almaty, Shevchenko Street, 28*